

# NURLY

Аудандық қоғамдық-саяси,  
әлеуметтік-экономикалық газет  
Районная общественно-политическая,  
социально-экономическая газета



№25 (5154),  
7 шілде  
жұма 2023 жыл

# KÓKSÝ

nurlykoku.kz

nurly\_koku@mail.ru

nurly\_koku

## МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ЕҢБЕКШІҚАЗАК АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ

Алматы облысына жұмыс сапарымен барған Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері – Максим Рожин мен Мақсат Тольқбай Рахат ауылдық округіндегі 900 орындық мектеп құрылысымен танысты. Іс-шара партияның жол картасында көрсетілген жоспарларды жүзеге асыру аясында ұйымдастырылды.

Жаңа ғимараттың пайдалануға беру уақыты – 2024 жылғы тамыз айына жоспарланған. Жобаның жалпы құны – 7 млрд теңге. Қазіргі уақытта құрылыс қарқынды жүріп жатыр.

«Құрылыс жұмысына біз толықтай отандық өнімдерді қолданып жатырмыз. Нысанның құрылыс деңгейін апта сайын келіп, жергілікті халық қалаулылары бақылауда. Сондай-ақ ғимарат келер жылдың соңына қарай толығымен пайдалануға беріледі», – деді «Bazis construction» ЖШС өкілі.

Құрылыс жұмысын аралап көрген Мәжіліс депутаттары бірқатар мәселелерге назар аударды.

«Мердігерлер мектепті уақытында аяқтауы тиіс. Әрине, бірінші кезекте мектептің құрылысы жоғарғы деңгейде болса дейміз. Сонымен бірге сапалы құрал-жабдықтармен қамтамыз етілуін, барлық стандарттарға сай болуын, яғни құрал-жабдықтарға, зертханалардың дұрыс орналасуына да бақылау қажет», – деді Мәжіліс депутаты Максим Рожин.

Жаңа білім нысанында балалардың сапалы білім алуына барлық жағдай



жасалмақ. Мектепте оқу кабинеттерімен қатар, спорт залы, мәжіліс залы, асхана, компьютерлік сыныптар болады.

Сонымен қатар, халық қалаулылары әкімшілікке мемлекет қаржысына салынып жатқан нысанның сапасына ерекше мән беруді тапсырды және сала басшыларының өтініштеріне құлақ түріп, білім саласындағы мәселелерді назарға алатындарын жеткізді. Білім мекемелерінде санитарлық құралдардың толық болуы мен талаптардың қатаң сақталуы керек екенін ескертті.

Мәжіліс депутаттары кейін ауданға қарасты Қаракемер елді мекенінде орналасқан 6654 әскери бөлім қызметшілерінің жауынгерлік қызметімен және тұрмысымен танысты.

Мәжілісмен бастаған топ Ұлттық ұланның сарбаздарымен жүздесті. Бөлім командирі Жандос Қасымовпен әскери қалашықты аралап,

бөлім қызметшілерінің жауынгерлік қызметімен және тұрмысымен танысты.

Оның айтуынша, бөлімде сарбаздарға барлық жағдай жасалған. Мұнда еліміздің түпкір-түпкірінен келген Ұлттық ұланның сарбаздары 27 мамандық бойынша оқытылады. Сонымен қатар, былтырдан бастап әскери бөлімде сарбаздар көлік жүргізуді

үйреніп, «D» категориясымен жүргізуші куәлігін алуға мүмкіндігі бар.

«Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әскеріміздің әлеуеті мықты болу керек. Жақында шекаралық аймақтағы әскерилермен кездестік. Жасыратыны жоқ, барлығына бірдей жағдай жасалмаған. Депутаттар олардың мәселелерін билікке жеткізіп, оң шешімін табуға барынша

күш саламыз. Біз күштік құрылымға қашан да көңіл бөлуіміз қажет», – деді Мақсат Тольқбай.

Сапар барысында халық қалаулылары аудан орталығындағы өрт сөндіру бөлімін аралады. Кейін Ескі қаласы мен Ташкенсаз ауыл тұрғындарымен жүздесіп, олардың өтініш-тілектерін тыңдады. Тұрғындар саяжайларға ауыл мәртебесін беру туралы мәселелерді ортаға салып, ұсыныстарын да жеткізді. Одан бөлек, көй саяжайларда су құбыры мен асфальт, газ бен су тапшылығы айтылды. Мәжіліс депутаттары әр күрмеулі мәселенің шешім табуына күш салатындарын жеткізді.

Максим Рожин мен Мақсат Тольқбайға тұрғындар өздерінің толқандырған түйткілді мәселелерін ортаға салды. Халық қалаулылары әр мәселенің уақытылы шешім табатынын айтты. Әр азаматтың аманаты – басты назарда болады.

**«AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының баспасөз қызметі.**



## ХАБАРЛАМА

18.07.2023 ж. бастап бес жұмыс күні ішінде БЗК <http://ecportal.kz> сайтында Алматы облысы Көксу ауданының пайдаланылмаған суармалы жерлерін оңалту бойынша пилоттық жобалар аясында суару желілерін реконструкциялау. Туауы Алматы облысы Көксу ауданының суару желілерін қайта жаңғырту жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Жетісу облыстық құрылыс басқармасы» ММ, БСН 220740005695 тел. 8 7282 24-22-16, [psd.zhetysu@mail.ru](mailto:psd.zhetysu@mail.ru), Талдықорған қ. Шевченко көшесі 131. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекен-жай: тел. 8 7282 25-65-85, e-mail: [gt-zhoba@yandex.kz](mailto:gt-zhoba@yandex.kz). Жоба материалдарымен [ecportal.kz](http://ecportal.kz) сайтында «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде танысуға болады.

Экологиялық жобаны өзірлеуші: «Гидротехник Жоба» ЖШС, БСН 060240008667.

8 (7282) 25-65-85, [gt-zhoba@yandex.kz](mailto:gt-zhoba@yandex.kz).  
Үсыныстар мен ескертулер [ecportal.kz](http://ecportal.kz) сайтында қабылданады, сондай-ақ «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО тел. 8 (7282) 32-92-67, [Ты\\_expertiza@mail.ru](mailto:Ты_expertiza@mail.ru), Талдықорған қ. Кабанбай батыр көшесі 26 мекен-жайы бойынша қабылданады.

## ИНФОРМАЦИЯ

С 18.07.2023 г. в течение пяти рабочих дней на сайте ЕЭП <http://ecportal.kz> будут проводиться общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Реконструкция оросительных сетей в рамках пилотного проекта по восстановлению неиспользуемых орошаемых земель Коксуского района Алматинской области». Контрактровка: «Реконструкция оросительных сетей Коксуского района области Жетісу».

Инициатор намечаемой деятельности: ГУ «Управление строительства области Жетісу» БИН 220740005695 тел. 24-22-16, [psd.zhetysu@mail.ru](mailto:psd.zhetysu@mail.ru). Адрес: г. Талдықорған, ул. Шевченко 131. Контакты и электронный адрес по которым можно получить дополнительную информацию: тел. 8 7282 25-65-85, e-mail: [gt-zhoba@yandex.kz](mailto:gt-zhoba@yandex.kz). Ознакомитесь с материалами проекта можно на сайте [ecportal.kz](http://ecportal.kz) в разделе «Общественные слушания».

Разработчик экологического проекта - ТОО «Гидротехник Жоба», БИН 060240008667.

8 (7282) 25-65-85, [gt-zhoba@yandex.kz](mailto:gt-zhoba@yandex.kz).

Предложения и замечания принимаются на сайте [ecportal.kz](http://ecportal.kz), а так же по адресу МИО ГУ «Управление природных ресурсов и рекультивации природопользования области Жетісу», тел. 8 (7282) 32-92-67, [Ты\\_expertiza@mail.ru](mailto:Ты_expertiza@mail.ru), г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26.

## ХАБАРЛАМА

### Азаматтардың назарларына!

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңына 30.12.2022ж қол қойылды. Банкроттыққа өткізістер 2023 жылдың наурызында қабылданады. Азаматтардың банкроттық рәсімдері:

1. Соттан тыс банкроттық (банкер, микроаржақ ұйымдары және коллекторлар алдындағы қарыз 5,5 млн. теңгеге (1600 АЕК) дейін және 12 айдан артық өтелмейді, мемлекеттік тірлеуге жататын мүлікке (жылжымайтын мүлік, жер және көлік құралдары); мемлекеттік кірістер Басқармасымен қарастырылады

2. Сот банкроттығы (қарыздың қалған түрлері бойынша (сомасына қарамастан) 5,5 млн. теңгеден (1600 АЕК) астам, сотпен қарастырылады

3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (борышкер мүліктің құны барлық қарыздардың көлемінен аспайды), сотпен қарастырылады

Сұрақтар бойынша Көксу ауданы бойынша МКБ 8-728338/- 4-24-41 телефонына хабарласуға болады.

### Для сведения граждан

30.12.2022 г. подписан Закон РК «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан».

Заявления на банкротство будут приниматься в марте 2023 года. Процедура банкротства граждан:

1. Внесудебное банкротство (долг до 5,5 млн. тенге (1600 МРТ) перед банками, микрофинансовыми организациями и коллекторами, не погашается свыше 12 месяцев, отсутствует имущество, подлежащее гос. регистрации (недвижимость, земля и транспортные средства)), рассматривается управлением гос. доходов

2. Судебное банкротство (свыше 5,5 млн. тенге (1600 МРТ) по остальным видам долгов (независимо от суммы), рассматривается в суде

3. Восстановление платежеспособности (стоимость имущества должника не превышает размер всех долгов), рассматривается в суде

По всем вопросам просим обращаться в УГД по Коксускому району, по телефону 8-728338/- 4-24-41.

## АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ ҚАРЫЗ ЕМЕС, ПАРЫЗ

Бір түрлі өмірлік жағдайларға байланысты алименттерді төлеу немесе сурату қажеттілігі туындауы мүмкін. Осы мақалада алимент деген не, алиментті кім талап ете алады және кім төлеуі тиіс екенін, алименттерді талап ету тәртібі қандай, алименттердің қандай мәлішері заңнамада көзделген және алименттер төленбесе не істеу керектігін білесіздер.

Алиментті «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне» сәйкес, бір адамның басқа оны алуға құқығы бар адамға ұсынуы міндетті ақшалай немесе материалдық асырау. Алименттердің неғұрлым таралған жағдайы – баланы асырауға төленетін төлемдер, алайда алименттер балалардың анасына және өздерін асырай алмайтын зайыбына және ата-анасына төленуі мүмкін.

Қазақ жетімі мен жесірін жылпатпаған. Негізгі өйткені біздің ата-бабамыздың иманы құпты болған. Олар өмірдегі көз қалған құбылысқа үлкен салмақпен қарап, байлықты ішкі шығарған.

Бүгінде өз туғанына тапқан-талған напарасын беріп, алимент төлеуде әртүрлі себептерді алға тартатын немесе жауапты істің үддесінен шығуды кейіне қалдырудан шаршамайтын «көкек әкелердің» бұл өздігі қаншама аналарды жүдетіп, жүйкесін жұқартып жатқаны өңі шыңдық.

Осы ретте, өндіріп алушы 3 айдан астам уақыт алимент алмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша борышкерді қылмыстық жазаға тартуға және шалғым білдіріп алады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабына сәйкес, ата-ананың сот ішімі бойынша қиылетпа толмаған балаларын, сот ішегі оң оңға жасақ тоған еңбөкке жарамсыз балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден 3 айдан астам уақыт өдей

жалғаранда өң жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе өң жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе өң жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын айыруға жазаланады.

Бұл жерде айта кететін жағдай, балаларды отырған бап бойынша қылмыстық іс өндіріп алушының жеке айыптау шағымының негізінде қозғалады. Сонымен қатар, сот ішегімен орындаудан жалтарып жүрген борышкерлерді Қазақстан Республикасының Әкімшілік кодексінің баптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікте көрсетілген.

Ал өңді біздің негізгі қызметіміздің бірі сот ішегіміздерін, сот ішкілерін орындау болып табылатындықтан, алимент өндіру тікелей сот орындаушыларға жүктелген.

Қазіргі таңда, Жетісу облысы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасымен алимент өндіру туралы атқару құжаттары бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Аталған санаттағы атқару өңдірістері бойынша өңдіріп алушылардың әрбір туымдал жатқан құрықтары жті талқыланып олардың қойылып жатқан құрықтары қанағаттандырылуда.

Себебі, алимент өндіру туралы атқару құжаттарының толық әрі нақты орындауы тікелей ана мен баланың құқығының қорғалуына септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, айтарым, алимент өндіру туралы атқару өңдірісі арқашан өрешке назарда және бақылауда, олардың нақты орындауының бүгінгі күні барлық жұмыстар жасалуды, себебі – Әр бала бақытты болу үшін жаралған.

Еркем ТАЗАБЕКОВ.

Жетісу облысы жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының жеке сот орындаушысы.

## МАҢЫЗДЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту ережесі» туралы бекіту туралы» №138 қаулысының 8-тармағының 1)2)-тармақшаларына сәйкес 2023 жылдың шілде айының 11-ші күні сағат 10:00-де Балтық ауылдық округі әкімшілік ғимаратында қоғамдық нысан атады.

Күн тәртібінде:  
1) Балтық ауылдық округіне қарасты Балтық би ауылындағы атауы жоқ көшелерге: 1-ші және көшеге Дәнеш Рақышевтің, 2-ші және көшеге Шәмші Қалдаяқовтың, 3-және көшеге Тұрар Рысқұловтың атын №14 көшеге

Нұриса Тілқандияттың атын беру;

2) Балтық ауылдық округіне қарасты Ақшатаған ауылындағы Белорусская көшесіне Талғат Бигелдиновтің атын беру; Ордакөкөңдіз көшесіне Әбілхан Қастеевтің атын беру; Виноградова көшесіне Фариза Оңғарсынованың атын беру; Калинин көшесіне Ермак Сариевтің атын беру; Тимирязев көшесіне Құрманғалиның атын беру; Мичурин көшесіне Сәбит Мұқановтың атын беру; Молодежная көшесіне Мұқанғали Мұқатаевтың атын беру;

3) Балтық ауылдық округіне қарасты Төректі ауылындағы Коммунистическая көшесін Көксу деп өзгерту туралы және қайта атау беру туралы.

«Балтық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Ресмиелік мекен-жайы нөміре: 041200 Балтық би ауылы, Мырзабеков к-сі 7 үй. Телефондары (факс): 8(728338) 2-02-77. Директор: 2-04-88. Доспаиер: 79-144.

e-mail: [Nurly\\_Koksu@mail.ru](mailto:Nurly_Koksu@mail.ru)

Осы шығартылымның таралымы: 1200 Талсырыс №755.

Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Обсер» баспаханасында басылады. Мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Кабанбай батыр к-сі, 32 үй.

Газет Қазақстан Республикасы Астананың және қорғандық департаментінің 2013 жылғы 25 қаңтарында тіркелді, №К21317У00018121 құрастырған.

Газеттің атқарушы директоры: Аманжол АЛТАНБАЕВА

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» жол картасына сәйкес «Ақпарат және қоғамдық байланыстар» бағдарламасын іске асыруға қолдау көрсетілген.

Жаңалықтар мен хабарландырулардың нақтылығы мен сенімділігі редакция жауап береді.

За достырылуы үшін ақпараттың нақтылығын тексеріңіз.

Ресмиелік мекен-жайы нөміре: 041200 Балтық би ауылы, Мырзабеков к-сі 7 үй. Телефондары (факс): 8(728338) 2-02-77. Директор: 2-04-88. Доспаиер: 79-144.

e-mail: [Nurly\\_Koksu@mail.ru](mailto:Nurly_Koksu@mail.ru)

Осы шығартылымның таралымы: 1200 Талсырыс №755.